

БЕКІТЕМІН
«Балдәурен» бөбекжай балабақшасының
меңгерушісі:.....Г.Жанибекова
2021 жыл «.....»«.....»



«Мамандығым ана»

Ата –аналармен жүргізілетін психологиялық тренинг.



Балабақша психологі: Р.Ходжакулова

Мақсаты: Отбасы тәрбиесіндегі ата – ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру, тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екенін, баламен жақсы қарым – қатынас орнату, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлудің маңыздылығын ашу.

Барысы:

Баланы жастан бақпасаң,

Жамандықтан қақпасаң,

Қадірден жүрдай қасқа боп,

Кешкенің өмір босқа тек – дегендей баланың ыстық суығына күймейтін, жақсылығына сүйінбейтін ата – ана жоқ шығар. Бүгінгі ұл ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз ертеңгі ана, ол шешеге қарап өсіп, бой түзейді. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға – ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші – ата – ана.

Ата – ана өмірінде үш рет мектепке баратынын естен шығармағаны дұрыс. Бірінші рет – өзі, екінші рет – баласы, үшінші рет - немересі. Ендеше бүгінгі тренингімізге қатысып отырған ата – аналарға әрдайым осы балаларыңыздың қорғаны болыңыздар демекпіз.

«Ерекше сәлемдесу»

Біз сіздермен басқа елдің Тумба – Юмба тайпасына қоршауға түсіп қалдық. Ол дәстүрдің салты бойынша былай сәлемдесуіміз керек. Ол үшін қатысушылар екіге бөлнеміз. Бір тобымыз иықтарымызды түйістіріп үйкелестіріп сәлемдессек, екінші тобымыз аркаларымызды түйістіреміз.

«Бақытты жанұя»

Шарты: «Бақытты жанұя» моделін құру. Яғни ата – ана өзінің отбасын салу және отбасы бақытын сурет арқылы көрсетіп, суреттің жан – жағына отбасы сөздері арқылы жеткізу керек. Ол үшін төрт түрлі тақырып беріледі.

Бірінші топқа: Баланың сапалы білім алуы үшін ата – ана тарапынан жасалатын жағдайлар.

Екінші топқа: Балалардың теріс әрекеттері үшін жазалаудың түрлері

Үшінші топқа: Бала үшін мұғалім мен ата – ана арасында қандай байланыс болу керек.

Осы жазылған ойлардан белгілі бір ойды толықтырып жинақтап түйінді ой пікірді айту керек.

«Тілек шамы»

Майшамды жағып, барлығымыз бірігіп жұмыс жасағанымыз үшін бір – бір жылы сөз айтып, май шамды беріп шығамыз. Болашағымыз ашық жарқын болсын деген ниетпен бүгінгі тренингімізді аяқтаймыз.

Нәтижесінде: ата – аналар балалары секілді ойын ойнап көңіл – күйлері көтерілді.

Жанұя бақытын моделін құрастыру арқылы өздеріне жеке мәләмет ала алды